Б. Майлиннің "Шұғаның белгісі" мен Ғ. Мүсіреповтің "Ұлпан" шығармаларындағы әйел бейнесі:
нәзіктік пен қайсарлықтың тоғысы

"Шұғаның белгісі" және "Ұлпан" шығармаларында екі бойжеткеннің бойында нәзіктік пен қайсарлық қасиеттері айқын көрінеді. Бұл екі туынды қазақ әдебиетінде ерекше орын алған, әйел теңсіздігіне арналған шығармалар.

Б. Майлиннің "Шұғаның белгісі" туындысында Шұғаның бойында адалдық, сүйіспеншілік сонымен қатар қайсарлық сынды асыл қасиеттер байқалады. Шұға өз сүйгеніне адал болып, тек Әбдірахманды сүйіп, дүниеден озады.

Ғ. Мүсіреповтің "Ұлпан" романында, Ұлпан өзінің ақылымен, сұлулығымен және қайсарлығымен Есенейдің көзіне түсіп, оны өзіне ғашық қылады. Ол өзінің сүймеген адамына тұрмысқа шықса да, сол елге сіңісіп кетеді. Ұлпан Есенейдің байлығын өзіне жаратпайды, даналық көрсетіп халқының қамы үшін жаратады. Сол себепті оны әрі сыйлап, құрмет тұтады. Міне, осы екі шығармада, екі бойжеткеннің бойында нәзіктік пен қайсарлық қасиеттері осылай тоғысады. Олардың бойында тек бұл қасиеттер емес, сонымен қатар көптеген асыл қасиеттер кездеседі. Екеуі де ақылына көркі сай бойжеткен қыздар болған.

Қорытындылай келе, Шұға мен Ұлпан бір-біріне ұқсағанымен тағдырлары әртүрлі. Бірақ, соған қарамастан олар нәзіктік пен қайсарлықты тоғыстыра білді. Менің ойымша, бұл шығармалардың негізі олардың бойындағы қасиеттерді өскелең ұрпаққа үлгі ету.


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

4. "Ұлтқа қызмет ету - білімнен емес, мінезден."

Ұлт - әр адамның өзіндік ерекшелігі. Барлық адам өз ұлтына сыйластықпен қарауға, оны көз қарашығындай қорғауға міндетті. Ұлт дегеніміз - адами құндылық әрі өмірлік тұғыр болып табылады. Ұлтқа қызмет ету білімді болумен анықталмайды, ол мінезден бастау алады. Ұлтқа қызмет ету дегеніміз - онымен мақтану емес, керісінше ұлттың тілін, дінін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын сақтап қалу деп түсінемін.

Қазақ халқында Алаш арыстарының өнегелі өмірі де ұлтқа қызмет етуге бағытталған. Олар ұлты мен халқы үшін ештеңеден тайсалмады. Өз ұлтына адал болуымен қатар өркендеуіне үлкен үлестерін қосқан. Алаш арыстарының өмірінен, шыншылдығынан кейінгі ұрпақ өнеге алуы керек деп есептеймін. Себебі, олардың ұлтына деген махаббаты мен жанашырлығы үлкен құрметке лайық. Сонымен қатар, қазақта "өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол" деуі де тегін емесі анық. Бағзы заманда кейбір қазақтар өз ұлтынан бөлініп, өзге ұлттарға қосылып кеткендері де болған. Қаншама беделді тұлғалар солардың әсерінен бақилық болған. Өз ұлтынан басқа ұлтты биік қою - надандықтың кесірінен. Мінездің жақсы болуына байланысты ұлтқа қызмет етудің де берік болары анық. Мінезді жақсы жаққа өзгерту арқылы ұлтқа қызмет ете аламыз. Сонымен қатар, мінезді жақсы жаққа өзгерту - ең алдымен ұлтқа және өзімізге де пайдалы.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қорытындылай келе, ұлтқа деген жанашырлықтың болуы-жүректің тазалығына байланысты. Ұлтқа қызмет көрсету, оны бағалау-ұлттың өркендеуіне үлес қосу деп білемін. Өз ұлтымызға көрсетілген құрмет мінездің арқасында. Ұлтына қызмет көрсете алған адам-ерлік жасағанмен тең. Ал бұл ерлік - Отан қорғаумен тең.

("Ақырзаманның ақыры" романындағы мәңгілік құндылықтар көрінісі және қаламгерлік шешім)

Б. Майлиннің "Шұғаның белгісі" мен Ғ. Мүсіреповтің "Ұлпан" шығармаларындағы әйел бейнесі: нәзіктік пен қайсарлықтың тоғысы

Әйел бейнесі - қазақ әдебиетіндегі негізгі тақырыптардың бірі. Әр автор "әйел бейнесі" жайлы шығармалары арқылы көптің көңілін өзіне қарата білді. Соның ішінде Б. Майлиннің "Шұғаның белгісі" мен Ғ. Мүсіреповтың "Ұлпан" романын атап көрсетуге болады.

XIX ғасырдың қылқалам шеберлерінің басты идеясы - "әйел теңсіздігі" тақырыбында жатыр. Бұл тақырып арқылы оқырманға сол дәуірдегі әйел тағдырын, тұрмысын бейнелейді. "Шұғаның белгісі" әңгімесі - XVIII ғасырдағы әйел бейнесіндегі көзтартарлық образды сипаттайды. Басты кейіпкер Шұға дәулетті отбасынан шықса да, менмендікке салынбай, қарапайым халықтың да мұң-мұқтажын түсініп, олармен сырлас бола білген. "Шұғаның белгісі - Бейімбеттің шығармашылығында алғашқы қадамның бірі болды. Алғашқы бола тұра, мұндай көзтартарлық шығарма жазушының бірінің қолынан келмес еді", - деп Шерхан Мұртаза айтқандай, расымен-ақ Шұғаның кейіпі-барша қазақ қыздарының бейнесі іспетті. Менімше, қазақ қыздарының сұм тағдыры - өз теңдеріне қосыла алмауында деп ойлаймын. Шұға да өз


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

махаббаты Естемісті күтіп-ақ ажал құшты. Әкесі қарапайым мұғалім баласын өз қызына тең көрмей, айдатып жібергені – қаракөз қызға үлкен соққы болды.

Ал, Ұлпанға келер болсақ, ол – қазақ қыздарының анасы бола білген жан. Оның бойында біз іздеген әр қасиет табыла кетеді. Оның кеудесінде батылдық та, мейірім де, махаббат та үндесіп жатыр. Ғабит Мүсірепов: "Ұлпан – менің Джокондам. Ол менімен 70 жыл бойы өсіп келеді. Мен осы 70 жыл бойы оның әр қырын көрсетіп, өшпес із қалдырдым", – деп өзінің "Тұтқын қыз" атты кітабында жазды. Ұлпанның қарапайым ауылдың қызынан, үлкен елді билейтін анаға айналуында үлкен мән бар. Ол мән – Ұлпанның бойындағы нәзіктік пен қайсарлықтың тоғысында. Кез-келген қиындыққа төтеп беріп, шырмалған шырмаулықтың торынан шығуға да бір қайрат керек деп ойлаймын. Демек, ол анасының бойында табылған кез-келген қасиет – қазақ қыздарының бойында кездеседі. Ғабит Мүсірепов "ана" тақырыбында, "әйел" тақырыбында жазылған шығармалардың көшбасында тұр. Өзі ер азамат болса да, әйел жанын тереңінен түсініп, оның бойына толық ене алды. "Ұлпан" романын да осы үрдіспен жазды. Қанша уақыт өтсе де, бұл туынды өз мәнін жоғалтқан жоқ. Әр қыз баласы, әйел заты мұғжизаға толы шығарманы оқып шығу керек деп білемін



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Себебі, әр қыз - болашақ ана. Ал, нағыз ананың қандай болу керек екені осы туындыда. Ұлпан - тек бір әулеттің ғана емес, барша елдің анасы бола білген жан. Осы шығармаға негізделік, ұлтты өсірсек, балашағымызға еш қауіп жоқ.

Қорытындылай келе, әр әйел заты - өзінің өшпес өмірінде сан мың қиындықпен күресіп, оны шешуге ұмтылады. Ал оны шешетін негізгі қасиеті - бойындағы ізгілік пен қайсарлықтың тоғысы.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шұға белгісі мен Үлпан шығармаларға (3).

Б. Майлиннің "Шұға белгісі" мен Ғ. Мүсіреповтың "Үлпан" шығармаларындағы әйел бейнесінің ашылу кейіптелуі

Яғни бұл шығармаларды қарастыра отырып сол кездегі қазақ халқының тұрмыс тіршілігі және әйел тағдырын бейнелейді. Сол уақыттағы ұстанған салт-дәстүрлердің қатаң сақталуы және осы әйел тағдырына қайшы келуі көрсетілген.

Мысалыға Шұға белгісін алсақ, Шұғаның өз сүйгеніне қосыла алмай, қыстың қаһарлы суығында үсіп қаза табуын айтамыз. Бұған себепкер ата-анасының Шұғаның келісімінсіз басқа адамға атастыруы. Соған мәжбүр болған Шұға-ның өз сүйіктісінен жырақтауы. Ал "Үлпанды" алатын болсақ, ол сол дәстүрге қайшы болған алғашқы әйел. Ол жастайынан жоқшылық көрмей еркелеп өскен дәулетті адамның қызы. Бірақ Үлпан туылған кезде әкесі ұл баланы қалаған, себебі өзінің артынан ұрпақ қалдыру үшін. Үлпан жастайынан ұл бала болып киінген, оны сұрап келген көптеген адам болған. Бірақ әкесі оны ешкімге бермеген. Бір күні ұл балалармен жылқы үйіріп жүргенінде. Бір сұлтан кезігіп қалады және оның кім екенін сұрайды оны басын-да ұл бала деп ойлаған сұлтан ғашық болып әкесінің қалың сұрап барады. Басында әкесі 42 жасар баласы жоқ сұлтанға беруге құлшынданады. Сонда да Үлпанның қалауы мен сол сұлтанның екінші әйелі атанып, біраз жылдан күйеуі қайтыс болып, ең бірінші әйел билеуші атанады. Қысқаша айтқанда Үлпанды сол кездегі салт-дәстүр-ге қайшы шыққан алғашқы әйел ретінде


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

көрсетіледі.

Қорытындылай келе, сол кезеңдегі әйел адамының өмір сүру салты мен (қазы) қиыншылықтарын (бей)осы шығармада бейнеленген.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Эссе

„Ұлтқа қызмет ету - білімнен емес, мінезден..."

Кезінде КСРО кезінде қазақ ұлты орыс халқына бағынып, оларға тәуелді болып жүрді. Олардың көзін ашар ешкім болмады. Бірақ қазақ зиялылары бұл жағдайға бей-жай қарап тұра алмады. Халықты қолдап, рухтандырып, ақылын айтатын осы қазақ зиялылары еді. Осылай А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, Б. Майлин және тағы басқа алыптар „Алаш партиясын" құрды.

Алаш партиясының басты мақсаты - қазаққа жаңы ашатын ақындарды, ойшылдарды, данагөйлердің басын біріктіріп, ұлтына кішкене болсада ой жеткізу. Қазақтардың жеке дара, бірегей ұлт екенін, біріксе қолдарынан бәрі келетіндігін халыққа айтқысы келді. Алаштықтардың бәрі бар ынтасымен қызмет қыла біледі. Қолына бір қалам алып, мың тағдырды жазған қаракөз ақындарымыз да қарап қалған жоқ. Біреуі рух берер өлең мен қарасөздер жазса, ал біреулері сол қоғамдағы болып жатқан шындықты шығармалар арқылы жеткізуде. Олар халық үшін тек өз білімдері арқылы күрескен жоқ. Олар мінезбен мінезбен күресті. 18-19 ғасырларда „Алаш партиясы" қазақ халқының бет-бейнесі әрі қорғаны болды. Б. Момышұлы атамыз айтқандай „Тәртіпсіз ел - ел болмас, тәртіпке бағынған құл болмас" демекші қазақтар жаппай Алаш партиясының айтқанын тыңдап, тәртіпке бағынып, қолдап жүрді. Мұның бәрін бақылап жүрген КСРО-да шетте қалмады. Партия қолбасшыларын жалған ақпаратпен „халық жауы" деп танып, қазақ халқын азғырды. Олардың кейбіреуі ату жазасына


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

кесіліп, ал кейбіреуі қатаң лагерьге яғни КАРЛАГ, ГУЛАГ, АЛЖИР лагерьлеріне жіберілді. Еш жазықсыз зиялылардың қатаң жазаға айыпсыз іліп жіберді. Тура осындай алашты қолдаған халықтыда қатаң түрдегі лагерь жазалары күтіп тұрды. Ол жерде күн сайын 10 сағаттан аса қара жұмыс, ұрып-соғу, қорлау сынды фактілер болды. Адамдар аштықтан қатты қиналды. Күніне 2 тілім нан және 400г су берілген. Бір қызығы еркектер әйелдерге тас лақтырған, бірақ ол тас емес жейтін құрт болып шығады. Солай әйелдер азда болса әлденіп жүрген. Мұны орыстар тас деп ойлап, үстілерінен „сендерді тіпті еркектерің жақтыртпайды" деп күлген. Осылай қазақтар бір-бірін жетелеп күн көрген.

Қорытындылай келе, Алаш партиясының ұлтқа жасаған қызметі бекер емес. Көптеген халықтың көзін ашты. Бұл оқиға бізгеде үлгі болып келеді. Соның арқасында қазіргі Қазақстанда адамдардың көзі ашық, көкірегі ояу, әр адам өз құқығын біледі. Алаш партиясы-ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан халықтағы өшпес мұра. (324 сөз)



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

3.

Бейімбет Майлин мен Ғабит Мүсірепов ағаларымыз, әдебиеттің биік шыңына шығып, баламақ ұрпаққа үлкен өнеге қалдырып кеткен кісілер. Әрине, ең үлкен дәйек айтқанда ең танымал шығармалары „Шұғаның белгісі" мен „Ұлпан" шығармалары. Бейімбет Майлиннің „Шұғаның белгісі" шығармасы нәзіктік пен қайсарлықты көрсетсе, Ал, Ғабит Мүсіреповтың „Ұлпан" шығармасы шыдамдылық пен биікті көрсетеді. Екі шығармада да әйел бейнесі мен нәзіктік және қайсарлық тоғысады. Шығармалардың дәйек, қысқаша айтып кетсем: Алғашқы шығармада, Шұға мен Әбдірахманның махаббаты, заманына жалған айып тағылып, сүйгеніне жете алмай, махаббаттан іс-құса болып өлген Шұға. Ұлпанның өзінен біршама жас үлкен Есенейге тұрмысқа шықты. Расында, Ұлпанның да тағдыры оңай өткен жоқ. Қас жаулары пайда болды, олармен де күресті.

Шұғаның белгісі шығармасын қысқаша талдай кетсем: Шұғаның әкесінің Әбдірахманға қарсы болды. Бірақ, Шұға мен Әбдірахман бір-бірін сүйетін еді. Бірақ ол заманда малың болмаса, сүйгеніңді ала алмайсың не сүйгеніңе қол жеткізе алмайсың. Шұғаның жанұясы ауқатты адамдар болса, Әбдірахманның отбасының жағдайы жоқ еді. Бірақ, Әбдірахман ауылдағы хат танитын, оқыған жігіт еді. Бірақ та ол кездің байлары оған қарай ма? Мал берсең, жан беретін заман еді ғой. Ол кездің байлары қыздарын малға айырбастайтын, әйел теңдігі малмен бірдей-ақ еді. Шұғаның әкесі де осы нәрседен тайынбайтын кісі еді. Бірақ, қос ғашық соңына дейін бірге болуды таңдап, өлерінше махаббатын күресіп өтті. Ақыры, бұл оқиға Шұғаның өлімімен, екі ғашықтың айрылысуымен аяқталды.

„Ұлпан" шығармасында, Ұлпанның ерке жүруі, күйеуі Есенейдің қызғанышы, Ұлпанның ана атануы, бұлар шығармадағы өрлік-нүктелер үзінділер. 15 жасар Ұлпанның 60 жастан асқан Есенеймен отау құруы, бұл басты оқиға. „Екеуі қанша сүйіп бақса да, олардың бір-біріне деген сезімі суыған емес", бұл шығармадағы басты қанатты сөз. Ұлпанның бір болуы, балаларының болуы, бұл Ұлпанның өте ауыр тағдыры.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Қорытындылай келе, екі шығармада да әйел нәзіктігі мен қайсарлығын баяндалады. Шығармаларда әйелдердің ауыр тағдыры мен үлкен қиыншылықтардан өтетіні көрсетіледі. „Әйел намысының таптануы - (~~бар~~) барша қоғамға батпандығын деп білемін.".

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Б. Майлиннің „Шұғаның белгісі" мен Ғ. Мүсіреповтың „Ұлпан" шығармаларындағы әйел бейнесі: нәзіктік пен қайсарлықтың тоғысы.

Қазақ шығармалары көптеген тақырыптарға бағытталған. Оның әрқайсы халық ішіндегі мәселелерге байланысты. Сондай бір тақырыптардың бірі - қазақ әйелдері, олардың нәзіктігі мен қайсарлығы және сол екі қасиеттің тоғысуы.

Қазақ әйелдері жайлы және олардың мінезі туралы бірнеше жазушылар өз шығармаларында баяндап кеткен. Мысалы, Шерхан Мұртазаның „Ай мен Айша" шығармасындағы Айша бейнесі, Ғабит Мүсіреповтың „Ұлпаны", Бейімбет Майлиннің „Шұғаның белгісі". Бұл шығармаларда әйелдердің нәзіктігі мен қайсарлығы тоғыса отырып, олардың шыдамдылығы туралы да айтылған. Ғабит Мүсіреповтың осы аталған шығармасындағы бейнеленген Ұлпан қанша нәзік болса да, өмірдің сынағына төзе білген, қайсар мінезімен, сұлу көркімен Есенейді өзіне ғашық қылды. Кейін де Есенейді жақсы атты қылып, оны „төрге сүйрей" білген осы Ұлпан еді. Ұлпанның осындай мінездері шығармада ерекше сипатталғаны сонша, оны тіпті сөзбен айтып жеткізу мүмкін еместей болып көрінеді. Ал Бейімбет Майлиннің „Шұғаның белгісі" атты шығармасындағы Шұға бейнесі, менің ойымша, негізінен нәзіктікті бейнелейді. Оның көп нәрсеге төзіп беруге тырысуы, қайсар мінезі шығарма ішінде көркем сипатталған. Ал оның нәзіктігі ерекше дүние болатын.

Қорытындылай келе, қазақ шығармаларының басым көпшілігінде кездесетін осындай бір бейнедегі қазақ әйелдері өте күшті,



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Зәрі керемет көрініс болып саналады. Олардың іс-әрекеттері, басқаларға беретін ақыл-кеңестері көп жағдайда түбінде жақсылыққа алып келеді. Қазақ халқының „ерді көрге де сүйрейтін, төрге де сүйрейтін әйел" деп бекер айтпаса керек. Жалпы әйелдердің мықтылығын, қайсар мінезін, сонымен қатар, ерлігін тек бұрынғы кездерден ғана емес, қазіргі қоғам арасында да жиі кездестіруге болады. Менің ойымша, бұл ешқашан жойылмайтын нәрсе. Осы арқылы, мүмкін, ұлт мәдениеті сақталып келеді.


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

4-тапсырма

"Ұлтқа қызмет ету - біліменен емес, мінезден..."

Ұлтқа қызмет ету - білімнен емес, мінезден. Өйткені қызмет атқаруда ең бастысы мінез. Әрине білім де маңызды, бірақ білімі бола тұра, мінезі нашар жанның қызмет етуі қиынға соғады. Сонымен қатар мінезі жақсы, көңілді тұлға кез келген ортаға тез үйреніп кетеді. Мысалға Алаш арыстарын келтіруге болады. Бұл өнегелі тұлғалар халық үшін бәріне де дайын болды. Олар өздерінің қарапайымдылығымен, сабырлылығымен елге жол ашуын аямады. Халыққа дүж беріп, әрқашан халықты ойлады. М. Дулатов өзінің "Оян қазақ" шығармасында халыққа дүж беріп, оларды берілмеуге үйретті. Тіпті Алаш партиясын құрды. Оның мақсаты: Тәуелсіз мемлекет құру еді. Сол заманда Ресей империясының қыспағынан, тоналуынан шаршаған халық тәуелсіздікті аңсап жүрді. Алаш арыстарының және тағы басқа тұлғалардың арқасында тәуелсіз. зайырлы, құқықты мемлекетте мекендейміз, өсіп сүреміз. (Білімді де сауаттылығы да осы тұлғалардың шығармашылықтарымен, ашып жатырмыз. Тіпті ой-өрісімізді ~~және~~ тіл байлығымызды да дамытып жатырмыз. Сонымен қатар Ахмет Байтұрсынов «Қазақ» газетінің редакторы, Әлихан Бөкейхан алаш партиясының өкілі, Алашорда автономиясының төрағасы, М. Тынышбаев "Түркістан" автономиясының екінші төрағасы қызметтерін атқарды. Алашорда автономиясының да мақсаты сол еді. Кейін мың тоғыз жүз отыз бірінші (1931) жылы айтылық болды. Сол замандағы халықтың жағдайына қарап, Сталинге хаттар жазылды. (Мысалы) олар "Бесеудің хаты" және Сталинге хат. Бұл хатта халықтың әлеуметтік


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

жағдайы жөнінде жазылған. Мұндай істің бәрі сабырлықпен, намыспен, аяушылықпен және патриоттықпен атқарылып тұр. Иә, біліміңдеде қатысы бар. Бірақ мінез жаман болса, соғыс болып, Сталинге қарсы шығып, ерте жаста түрмеге қамалып, ұлтқа қызмет ете алмас едік. Сондықтан ұлтқа қызмет ету - білімнен емес, мінезден басталады. Мінезің жақсы болса, сенің керемет қызметкер шығады. Тіпті, болашақта көптеген жетістіктерге жете аламыз. Мүмкін болса, тарихта атымыз қалар.

Қорытындылай келе, мінезі жақсы! Адами құндылықтары жоғары, адамның қызметі де жоғары болады. Әрбір құндылықтарды күдіксіз шешеді. Сондықтан бастапқыда мінезді түзетіп, одан соң білімімізді көркейтейік.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Б. Майлиннің „Шұғаның белгісі" мен
Ғ. Мүсіреповтің „Ұлпан" шығармаларындағы әйел бейнесі: нәзіктік пен қайсарлықтың тоғысы.

. IX-XX-ғасырлардың әйел теңсіздігінің ащы шындығы Б. Майлиннің „Шұғаның белгісі" мен Ғ. Мүсіреповтің „Ұлпан" шығармаларында нақты суреттелген. Қазіргі таң мен бұрынғы уақытты салыстырғанда әйел теңсіздігі анық байқалады. Қыз баласын адам қатары санамау, өз ойымен болуге мүмкіндік бермеу, әділетсіз шешім қабылдау әйел теңсіздігінің бейнесі. Аяулы жар, асыл ана нәзіктік пен қайсарлықтың бейнесі. Қазіргі таңда әйел теңсіздігі жойылып келеді. Қажетінде нәзік, қиындықта қиындыққа төтеп бере алатын ол әйел жаны. Ол сұлу, көркем, мейірімді жан. Әйел жаны, - жарық нұр.

Бұл шығармалардың басты идеясы сол уақыттағы қыз баласының теңсіздігін шығарма арқылы суреттеу. Ғ. Мүсіреповтің „Ұлпан" шығармасында қыз баласының бақытты болуы, сүйген жарына үйленуі ол заманға сай емес екен көрсетіледі. Автор Ұлпан бейнесі арқылы нәзіктіктілік пен қайсарлық бейнесін баяндайды. Ұлпан өз бақытының орнына халық татулығын таңдау арқылы өз өмірін бұзады. Сүйесеген жарына үйлену көп шығармаларда суреттелін бейнеленеді.


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Бұл шығармаға ұқсас жыныс теңсіздігін бейнелейтін тағыда бір шығарма Д. Майлиннің „Шұғаның белгісі". Автор шығармада қос ғашықтардың бірге бола алмайтынын бейнелейді. Бақытын сақтап қалу үшін халыққа қарсы барып, әлден безген ғашықтардың өмірін еркін жеткізеді. Осы шығарма арқылы автор қыз баласының өз бақытын немесе халық ризашылығының біреуін таңдауға мәжбүр екенін көрсетеді. Қыз баласының өз шешімін өзі қабылдау қате, болашақ жарын жеі, отбасысы, немесе мүлдем халықтың таңдап беруі, іс әрекетіне соң айту әділетсіздіктің бейнесі. Авторлар шығарма арқылы жыныс теңсіздігін жоюға шақырады. Менің көз қарасым бойынша „Ер адамның сөзі нақты сөз„ деген қағидат норма емес. Себебі қыз баласы да өз ойымен бөлісе алады. Мүмкіндігінше ортақ шешім арқылы жауап қабылдаған дұрыс. Екі тараптыда тең қабылдау норма. Осы қағидаттың кесірінен көп жан зардабын шегуде. Абай Құнанбайұлы да өзі сүйген ғашығына осы қағидаттың кесірінен бірге бақытты бола алмады. Қыз баласын бала кезінен басқа адамға атастырып қою. жасының кішілігіне қарамай өзінен үлкен адамға жар атау, үй тірлігін істеу, білім алмаудың барлығы бұрыннан қалыптасқан.



ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қорытындылай келе әйел адамының теңсіздігі үлкен мәселе. Бақыт үшін өзін құрбан ету, халық сөзіне еру бақытты болуға мүмкіндік бермеуі әділетсіздікке алып келеді. Қазақ халқының қыз баласына қатігездікпен қарауы осы қағидаттарға себеп. Ер мен әйел тең. Сондықтан қыз баласына мүмкіндік беру дұрыс шешім.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

М. Сәрсекенің „Қаныш Сәтбаев" романындағы тұлға бейнесінің Абайдың „толық адам" концепциясымен үндестігі.

Ғабдулғани Сәтбаев – заманынан оза шыққан, озғантай жұмарақ білім-ғылымға арналған тұлға. Сол тұлғаның осы өмірден „толық адам" болып өткені сөзсіз. Оның бойында Абай „толық адам" болуы үшін осы қасиеттер бойынан табылуы тиіс деген барлық қасиет болған деп есептеймін. Қаныш Сәтбаев бейнесінің Абайдың „толық адам" ілімімен үндестігі – оның бойынан қайсарлық та, ақыл да, жүректің басшылығына да көрініс ~~тапқан~~ табуы.

Сонымен, Абай бұл „толық адам" ілімі жайында 17-қарасөзінде сөз қозғайды: „Ақыл, қайрат, жүрек, осы үшеуің басыңда қос. Билікті жүрекке бер. Осы үшеуің менің айтқанымдай бір адамның бойынан табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік адам – сол" – дейді. Яғни, осы үшеуі бір адамның бойынан табылса, барлығын жүрек басқаруға тиісті. Менің ойымша, Қаныш Сәтбаевтың бойынан осы қасиет айқын көрінеді. Қаныштың Томь қаласына оқу-білім іздеп келуі, профессордың қойған сұрағына тез жауап тауып, елден ерек есеп шығаруы оның ақылдылығы мен қайсарлығының бейнесі. Абай өзінің сөзін ары-қарай жалғастырып: „Құдай шолақ жүректе, қалпыңда таза ұста" – дейді. Қалпыңда деп отырғаны араб тілінің „қалб" деген сөзінен шыққан, яғни „жүрек" деген мағынаны береді. Қаныш Сәтбаев өзінің жүрегін таза ұстап, оған өткінші дүниенің ләззаттарын кіргізбеген жан. Оның жүрегінде мал-дүниеге, атақ-мансапқа орын жоқ. Оның дәлелі Сәтбаевтың сондай әлеуметтік жағдайы төмен, сорақ, әрі екінің бірі түсе алмайтын орнына түсіп, соңына дейін шығады. „Толық адам" концепциясын Абай өзінің өлеңінде де тілге тиек етеді:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Жеке-жеке біреуі жарамайды,

Жолда жоқ жаранместі жақса демес - деп, Абай егер осы қасиеттердің біреуі жоқ болса, ол адам „жарамсыз" дәрежесіне түсетінін ұғындырып тұр. Сәтбаев өз бойына ақылда да, қайратта да сіңіріп, екеуін жүрекке билету арқылы әлі күнге дейін біз үшін тұғыры биік тұлға болып қалды деп есептеймін. Абай өз өлең жолдарын жалғастырып:

Біреуінің күні жоқ біреуінсіз.

Ғалам сол үшеуінің жанын білмес - дейді. Қаныш ағамыз бәрінен де ғылымды жоғары қойған азамат. Ол бар ғұмырын, жастық шағын оқуға жұмсады. Ғұмырын ғылымға құрбан ету арқылы, ол 1986 жылы репрессия құрбаны болды. Қаныш Сәтбаев қандай қиыншылық көрсе де, өзінің бастапқы бағытынан таймады. Ақыл мен қайратын ғылымға көңіл бөлу арқылы шыңдап, „толық адам" ретінде қалыптасып, қазақ даласынан ойып тұрып орын алды. Осындай тұлғаның саяси-репрессия құрбаны болып, әулетінің 3 бірдей ағасынан бір уақытта айырылып, қан жұтқанын оқығанда, қазақ қыза ретінде өзімнің де „ах" ұрып қалғанымда жасырмаймын. Бірақ Ғабдулғани Сәтбаевтің аз ғұмыры, біз үшін мәңгі өшпес рухани байлыққа, өміршеңдігі жойылмас үлгіге толы екені сөзсіз.

Қорыта айтқанда, Абай Құнанбайұлының „толық адам" ілімімен үндескен Қаныш бейнесі - ұрпақ үшін мәңгілік үлгі. Қаныш Сәтбаев елінің ертеңі үшін қам жеген, өз үшін, халқы үшін ізденіп өткен нағыз „толық адам". Біз оның ата мен қазаққа еткен ерен еңбегін мәңгі қастерлеп, ұлық тұтуға міндеттіміз.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден...

Кез-келген адам атамекенін сүйеді. Отан қорғау әрбір адамның міндеті мен борышы. Әр адам баласы үшін туған жері ыстық. Мемлекет тыныштығы әр адамның, азаматтың қолында.

Ұлт, отбасы, тіл, мемлекет, азамат бәрі құндылыққа жатады. Құндылық – адамның және туған елінің көрсететін, біз үшін бағалы дүниелер. Құндылық бізді, нақтырақ айтқанда тәуелсіз бір мемлекет, ұлт ретінде қалыптастырады. Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден. Менің ойымша, Отанға, ұлтқа қызмет көрсету – біліммен байланысты емес. Ақыл жоқтан шығады, ол тіпті білімнен. Бүгінгі біліктен шығу мінезге байланысты. Мінез болмаса адамның санасында құлшыныс болмай, қызығушылығы болмайды деп ойлаймын. Өйткені мінез болмаса кез-келген уақытта жолдан тайып кетуің мүмкін. Адам сол еркіндігі арқылы алдына қойған мақсатқа жетеді. Мінез болмаса сенің қызмет етуің қиындайды. Әр адам ұлт, [illegible] сыйлап, назарының білдіреді. Сен өзің мәселе шешеал, төтеп көрсете алуың керек.

Екі заманды салыстырсақ, бұрынғы заман батырлары – батыр болған. Бүгінде батырлар бар, олай да соғыс болған сол замандағыдай қайғы мен қасірет болмаған. Бұрынғы күндері соғыс, жаулаушылық, шапқыншылық болған. Елінің [illegible] болды. Аңызы, ертегі қазақтың ішінен мінезді батырларымыздың шыққаны мені қатты қуантады. Олар көтеріліс кезінде қазір біз бодан болып жүрер едік. Заманның кейіне келер болсақ, дала тұрғындарының көбі көп болды. Сол бір уақыттағы жандары, [illegible] және де тағы да басқа ұлт да, дала тұрғындарына талқы

етуіміз керек. Халықты қорқыныштан оятып, ақыл беріп, көп іске қолын көрсетіп, дауларды шешкен. Соның арқасында бір тұтас, досты мемлекет болдық. Иә, қорғаушыларымыздың ол уақыттағы тек айтуға тұрмайтын салмақтан, қорғаған. Сол себепті олар кітап, қағаз бетіне өз ойларын түсірген. Бүгінгі күнге тоқталар болсақ, қазір елімізде соғыс болып жатқан жоқ. Осыған байланысты біздің түсінетініміз: әр нәрсенің қадірін білуіміз керек. „Бүгінгі таңда қандай батырлар бар?"- деп ойлауымыз мүмкін. Үңіле қарасақ бүгінгі күнде көптеген алып-тың жандай, адамның өмір тірегі көп. Құтқарушылар, дәрігер, өрт сөндіруші, полиция мен т.б. қызметкерлеріне мың алғыс айту керекпіз. Олардың көмегінсіз біздің өмір сүруіміз екі талай болар еді. Өрт, суға бату, улану, аурулардан біз өз еркімізбен төтеп бере алмас едік. Менің ойымша мұның бәрі ерлік. Басқаны құтқарамын деп өзі жарақат болған жай ғана адамдардың өз таңдауы.

„Халыққа қызмет ету - міндетім!"- деген келісімін. Қайсар, қайтпас, намысшыл тілек арқылы, сонымен қатар қол ұшын созу, жанашырлық қасиет арқылы біз деңгейімізде жетеміз. „Бірліксіз іс өнбейді" деген мақалымыз. Бірлесу арқылы біз бір мемлекет, ұлт бола аламыз. Еліміз аман болсын!



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ „ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Б. Майлиннің „Шұғаның белгісі" мен Ғ. Мүсіреповтің „Ұлпан" шығармаларындағы әйел бейнесі: нәзіктік пен қайсарлықтың тоғысы.

Б. Майлиннің „Шұғаның белгісі" мен Ғ. Мүсіреповтің „Ұлпан" шығармалары – XX ғасырдың басында жазылған, сол кездегі ең басты тақырып әйел тағдыры мен қоғамдағы әділетсіздікті қозғаған таңдаулы туындылардың бірі. Бұл шығармалардағы әйел бейнесі қандай?

Шыны, екі шығармада да автор басты кейіпкер ретінде әйелді алады. Бұның да өз себебі бар. Шұға мен Ұлпан өмір сүрген кезеңде қоғамда әйел теңсіздігі мәселесі күшейіп тұрған. Нақты айтқанда, қазақ әйелдері өз сүйгеніне қосыла алмай, ақшаға, қалың малға сатылып кететін, кейбіреулері мұндай қорлыққа шыдай алмай, өз-өзіне қол жұмсайды. Осы мәселені Б. Майлин өз шығармасында Шұға бейнесі арқылы қозғайды. Повестте Шұға теңдессіз сұлу, ақсүйек тұқымынан шыққан байдың қызы болып бейнеленіп, қаладан оқу оқып, сауатты жігітке ғашық болуымен шығарма желісі өрбиді. Бірақ та олардың бірге болуына Шұғаның әкесі мен ауыл адамдары қарсы болып, жігітті айдатып жібереді. Бұл жерден біз қоғамдағы әділетсіздікті анық байқаймыз, байлықтары бірдей, тең-теңімен қосылу керек деген заңдылық қатып қалғанын аңғарамыз. Шығармадағы Шұғаның пайдакүнемдік пен әділетсіздіктің құрбаны болғанын ойға түйеміз.

Ал Ғ. Мүсіреповтің „Ұлпан" романында барлығы басқаша. Романда Ұлпан жас айырмашылығына қарамай Есенейге шын ғашық болды. Ал оның ел ішіндегі бірнеше



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

жұмысын өз мойнына алып, халыққа көп көмегін тигізеді. Ұлпан даналығымен, ақылымен, әділдігімен еліне танылып, халқы оны „Ел анасы" деп атап кетеді. Шынымен де, Ұлпанның жасаған жақсылығы, еліне көмегі аз емес. Ендеше, бұл шығармалардан бір үлкен ой түйе аламыз. Менің ойымша, авторлар Шұға мен Ұлпан бейнесін нәзіктік пен қайсарлықтың тоғысы ретінде көрсетеді, адамдық пен мейірімнің символы етіп суреттейді.

Өз ойымды қорытындылай келе, Б. Майлиннің „Шұғаның белгісі мен Ғ. Мүсіреповтің „Ұлпан" шығармалары – қазақ әдебиетінің баға жетпес байлығы дегім келеді. Жазушылар қоғамдағы әйел маңызын, олардың маңызын суреттейді. Шығармалардың ұрпаққа берер тәрбиесі, айтар ойы өте зор.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Б. Майлиннің „Шұғаның белгісі" мен Ғ. Мүсіреповтың „Ұлпан" шығармаларындағы әйел бейнесі: нәзіктік пен қайсарлықтың тоғысы

Нәзіктік - бұл әр қыз баласында кездесетін қасиет. Қыз бала сезімтал, өз бауырларын қорғайды. Қайсарлыққа тоқталар болсам - ол кей ер адамдарда болмаса да, әйел адамда бар мінез. Ондай адамдар басына іс түссе шегінуден қорықпайды деп білем. Бұл екі қасиет шығарманың басты кейіпкерлерінде кездеседі.

Қазақтың қай қыз баласында болмасын қайсарлықпен қатар нәзіктігін көре аламыз. „Шұғаның белгісі" шығармасында кейіпкер өз сүйген адамына қосыла алмай басқа адаммен атастырылады. Қыз әкесіне қарсы шыққанымен, әкесі батасын бермей соңында қыз ауруға шалдығып қаза болады. Бұл шығармадан қыздың өз таңдаған үшін әкесіне қарсы шыққандағы қайсарлығын байқаймыз. Сол заманда әкесі қарсы болғанымен сол қарсылықты айта алмаған қыз-балалар жетерлік. „Ұлпан" шығармасына келер болсақ кейіпкер өзінен бірнеше жас үлкен адамға тұрмысқа шығады. Ол дүниеден өткеннен кейін сол елге жылы болып қарайды. Елдің бәрі оның даналығын мойындайды. Бұл жерде қыз бала өз қалауынан кәрі адамға құрбан етті. Бірақ ол екен сенді, ал нәтижесінде соның пайдасын көрді. Мысалы қазіргі заманда мұндай қайсарлықтарды еліміздің бәрінің бойынан көре бермейміз. Бұл нәзіктік пен қайсарлықтың тоғысы адамды жеке дара етіп жасалып тұрғандай көрінеді. Қыз баланың тағдыры оңай болған жоқ және оңай болмайды да. Сол себепті олар кішкентайынан қайтпас қайсар мінезді болып өседі.

Қорыта келе, менің айтарым әйел адам әрқашан батыл мінезді қайсар да, керек кезінде өз ойын нақты айтып ерекшелей де алатындығын байқаймыз. Сол үшінде әйел адамның басты бейнесі



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

қайғыруға пен нәзіктіктің тонынан құралған. Бұл нақты жоқ болатын ерекшелігі тұрады сөзі.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Ұлтқа қызмет ету – біліммен емес, мінезбен.

Ұлтқа қызмет ету – бұл жауапкершілікті қажет ететін іс. Ол үшін білімнің ғана емес, мінездің де маңызы бар. Ұлтқа қызмет ету – біліммен емес, мінезбен.

Мысалы, Украина мемлекетінің президенті сан әзіл бола алады. Ол елінде болып жатқан соғыста халқымен бірге соңына шықты. Бұл білімнің емес, мінездің басымдығының белгісі. Ұлтқа, халыққа қызмет ету деп мінезден де осыны айтуға болады.

Сондай-ақ мысалға футбол спортын алсақ болады. Футболда өз командаңа қызмет етесің. Жанына жақсы ойнағаныңмен, мінез басты рөл атқарады. Халыққа қызмет жасағанда да солай.

Қорытындылай келе, әр істе жақсы, білімді маман болғаныңмен, мінездің де болғаны абзал.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 1

Ұлтқа қызмет ету – біліммен емес мінезден...

Ұлтқа қызмет ету – өз ұлтыңның нарқын болашағы үшін аянбай тер төгу. Бұл тек берілген жұмысты орындау ғана емес, ұлт қамы үшін белсенді атсалысу. Неге ұлтқа қызмет ету - біліммен емес, мінезден? Себебі, мінез - адамды төрге, көрге апарады. Бойдағы бар жақсы мінез басқа күшке емес, ұлт үшін жасалған іс-ісіне жарауы тиіс. От басын лапылдап тұрған өшпес мінез-алтын бесіктің өнегелі ұлдес-тігін негізі деп санаймын.

Бізге сонау жылдардан бері мәлім „Алаш" арыстарының қасық қаны қалғанша шырылдап, қазақ ұлтын қалай көкке көтерем екен деп жан ұшыр-ғанын білеміз. Ақиқат іздеп, абақтының төрінен бірақ шыққаны тағы есі-мізде. Атап айтсақ М. Дулатұлының "Оян, қазақ!" шығармасы. Шығармада қазақ жұртының көзін ашып, ақынның ол кезіндегі өзге ұлтқа таптатпауын жазып қана қоймай, іштеріндегі жатқан асау рухты оятуға дәріптейді. Ақын ұлтқа қызмет ету жолында тіпті қазақтың "Бақытсыз Жамал" атты тұңғыш романын жазып шығарды. Алаш арыстарының ұлт үшін төккен тері, қазіргі және кейінгі келешек ұрпақтың жадында мәң-гі сақталарын нық сеніммен айта аламын.

Қорыта келе, ұлтқа қызмет ету - ұлт азаматы мен азаматшасының борышы, әрі міндеті іспеттес. Жұрт үшін қызмет етудің сенің ұлтыңды тура екеніңді білдіреді. Қанша жерден жемді баулыдарыңда қайдан шыққаныңды ұмытпай, ұлттың даму жолында өз үлесіңді қосу, бұл - ерлік. Саны мен сапасы төмендеген адамдар қаптаған заманда, ұлтқа қызмет ету түрі, өз ұлтын мақтан тұтатын емес, айтуға ұялатын саналылардың бары жанымызды қынжылтады. Сонымен, ұлтқа қызмет ету - ұлтшылдыққа салынып, елдің артынан жүру емес, ұлт болашағын ойлап барында дамуына титтей де болса өз үлесіңді қосу. Ұлт жолы - әр ұлттың тұлғасының міндеті!

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

3) Б. Майлиннің „Шұғаның белгісі" мен Ғ. Мүсіреповтың „Ұлпан" шығармаларындағы желбеткесі; нәзіктік пен қайсарлық тоғысы.

„Шұғаның белгісі" мен „Ұлпан" нағыз қазақ қыздарының бойындағы қайсарлық пен нәзіктікті көрсететін шығармалар деп айтсам болады. Шығармада сол замандағы қыздардың көрген қиыншылықтары мен қоғамдағы әділетсіздік туралы баяндалған. Бұл шығармалардан қазақ қыздарының тағдыры қандай қиын болғанын көруге болады. Бірақ қыздар бұл қиындыққа шыдап, аса қайсарлық көрсетіп және білді. Міне осыдан ақ қыздардың бойындағы қайсарлығын, мықымағандықтарын көреміз. Олар қандай қиыншылық болсын төзіп, ақыры жеңіп шықты.

Бұрынғы кезде қыздарға көп қиыншылық көрсетілгені рас. Бұрындары тіпті қыздар білім де алмай, сауатсыз болған. Үй шаруасынан басқа ешнəрсемен айналыспаған. Зорлықпен бірінші, өзі қаламайтын ер азаматқа, тіпті керек десе өзінен үлкен ауқатты бай шалдарға да тұрмысқа берген. Және де ер баланың дәрежесі қыз балаға қарағанда да жоғары болған. Ер балаға көбірек көңіл бөліп, бар жақсыны соған беріп, оқытқан. Бұл шығармада тек байлардың, ақшасы барлардың үкімі жүретіні туралы айтылған. Байлардан бөлек надан өскен қара халық жоғарыда, билікте отырған ашкөз, сараң, әділетсіз билердің, басшылардың айтқанына сеніп, солар дұрыс деп санаған нәрсені жасап отқан. Өздерінің жалған шешімдерімен халықтың санасын улап



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

халықты қиын жағдайда қалдырған. Осы ақылғой басшылардың кесірінен қаншама қыз зардап шегіп, қиыншылықты бастан өткеріп, сүйген ер азаматтарымен қосыла алмады. Бұған дәлел, „Шұғаның белгісі" шығармасындағы сүйгенімен қосыла алмай, ақыры екеуі де қаза болған Шұға. Тек Шұға ғана емес, „Еңлік-Кебек" сияқты басқа да ғашықтар заманындағы әділетсіздіктен қосыла алмады. Бұл нағыз надандық пен ақымақтық деп түсінемін. Қыздарға көрсеткен ең ауыр қиянат деп санаймын. Бірақ қыздарда мойымай күресе білді.

Ойымды қорыта келе айтарым, Шұға мен Ұлпан қазақ қыздарының бойындағы нәзіктік пен қайсарлықтың символы бола білді. Қазақ қыздары да қиындыққа қарсы тұруы керек деп санаймын.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

"Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден..."

Адамзат баласы шыр етіп дүние есігін ашқан сәттен бастап, өз ұлтын асқақтайды, ұлгі тұтады, оған адал қызмет етуді көздейді. Ұлтқа қызмет ету білім мен мінездің ұштасқан түсы. Десек те, қаншалықты білімі бар, көзі ашық азамат бола тұрып, оның қайсар, батыл мінезі болмауы дұрыс емес. Білім – ол адам бойындағы ақпаратты білдіретін, ал мінез – тәрбие ошағында жетелейтін өмір заңдылығы.

Дархан даланың даналығын бойына сіңірген қазақ халқы сонау кезден қайтпас, қайсар мінезімен ерекшеленеді. Оған мысал – Ұлтқа қызмет ету жолында, өмір шыңдарын бейнелей білген, қазіргі күннің мақтаныштары – Алаш қозғалысының қайраткерлері. Міржақып Дулатұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Бейімбет Майлин және тағы басқа сынды тұлғалар. Тек өзінің емес, өзгенің тағдырына алаңдай білген, ойын ашық жеткізе білген, қазақтың сауатын ашу жолында тер төккен ер мінезді азаматтар десек те, артық емес, сірә.

"Алыстан – Алаш десе аттанамын,
Қазақты – қазақ десе мақтанамын!" деп Міржақып атамыз қазақ ұлтын мақтанышпен айта білген. "Оян, қазақ!" деп қазақты оятуға, көзі ашық, көкірегі ояу


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

дамуына жан берісіп, үлес қосқан тұлға.
Сондай-ақ қазақ әліпбиін таза, әрі көркем
қолын, әр әріпке өзіндік бір мән беріп,
қазіргі ұрпаққа жеткізе білген Ахмет
Байтұрсынұлы атап өткенім жөн.
Әр азамат қайталанбас дара тұлға.
Қазақ ұлтының әр саладан дамуына
үлес қосу - батыл мінездің белгісі.
Ойымды қорытындылай келе,
тәртіп бар жерде, білім де бар.
Мінездің өткірлігі, өз дегенінен қайтпай,
әр іске жауапкершілікпен қарау, әр салада,
әрі есе, ұлтқа қызмет ету тағыда өте
маңызды!.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Б. Майлиннің "Шұғаның белгісі" мен Ғ. Мүсіреповтың "Ұлпан" шығармаларындағы әйел бейнесі: нәзіктік пен қайсарлықтың тоғысы.

Қазақ халқы – ертеден-ақ қыз баласын бағашақ ана, ақжаулықты абзал жар деп құрмет тұтып, төрге шығарған текті халық. Әйел адамның жанқиярлық пен қамқорлықты, қайсарлық пен нәзіктікті, білім пен даналықты қатар ұстап, тектіліктің отын сөндірмеуі – қазақ әдебиетіндегі шоқтығы биік туындыларға арқау болған асыл қасиеттер. Б. Майлиннің "Шұғаның белгісі" мен Ғ. Мүсіреповтың "Ұлпан" атты шығармалары – сол туындылардың алды санауға лайық тұғыры биік шығармалар.

"Әйел адам бір қолымен – бесікті, бір қолымен – әлемді тербейді" – дегендей, қазақ әйелдерінің күш-жігері мен отбасына деген жылуы қазақ жазушыларының қаламына қанат бітіріп, теңіздей тулаған шабыт сыйласа керек. Сол заманның өзекті мәселесі болған әйел теңсіздігі бұл екі



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

шығармада Шұға мен Үлпан есімді кейіпкерлер айқын көрініс тапқан. Айналасынан зәбір көріп, заман озбырлығына шыдап-баққан бұл екі кейіпкерді байланыстыратын дүние – қыз теңсіздігі басса, айыратын дүние – біреуінің сол теңсіздікке шыдай алмай құрбан болуы, (ал) мен біреуінің заман талқысынына көндіккендей, бұл сынақты қабыл алып, бойсұнуы. Құлай сүйген ғашығына қосыла алмаған Шұға іш құса болып қайтыс болады. Ал Үлпан ол сынаққа төтеп беріп, Есенейге қосылады. Шұға – ғұмырында махаббатты аңсап өткен, әйткенмен де, заман қиыншылығына төтеп бере алмай, құрбан болған бейкүнә нәзік жандылардың (бөлігі) бейнесі. (Оның аяулы ана, жамандыр жар бола алуы –) Билік пен жауапкершілікті тізгінінен шығармай, сүйте тұра, әйел басының, аяулы ана кейпін сақтап қала алған Үлпан да – қазақ әйелдерінің тағы бір қырын аша түсетін кейіпкер.

Қазақ атамыз: "Қыз – ұлтының айнасы" деген. Расымен де, қыздың жү-



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

зінен тұтас ұлттың халін көруге болады. Ресей отаршылдығы кесірінен, еңсесіз күйде сай айнасына тас атқан қазақ қоғамында, бүгінгі таңда, әйел теңсіздігі атымен жоқ. Дегенмен де, менің ойымша, қазақ әйелдері қай ғасырда болсын, тек тілеу мен нұрым кейпінен айырылып, ұлты үшін жүк арқалаудан тайсалмайтын ерік-жігері мен қайсарлығын жоғалтпақ емес. Себебі олардың артында тұтас бір ұлттың сенімі тұрғаны айдан анық!

Мен сөзімді қорытындылай келе, "Шұғаның белгісі" мен "Ұлпан" шығармаларындағы қазақ қоғамының үні жағдайын құлағымызда жаңғырып тұруға тиіс деген тұжырым жасаймын. Бұл еңбектерді оқитын оқырмандар көбейсе - байырғы құлдық санадан арыламыз. Құлдық санадан арылсақ - қыз баласын қадір тұтар текті ұрпақ қалыптаспақ!



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Бейімбет Майлиннің „Шұғаның белгісі" мен Ғабит Мүсіреповтің „Ұлпан" шығармаларындағы әйел бейнесі: нәзіктік пен қайсарлықтың тоғысы.

Қазақ әдебиетінде әйел адамдардың тағдыры-ның өзекті де күрделі тақырыптардың бірі екені айқын дүние. Б. Майлиннің Шұғасы, Ғ. Мүсіреповтің Ұлпаны – бізге бағзы қазақ даласындағы қыз бала-лардың тағдырынан сыр шертетін шоқтығы биік шығармалардың бірі де бірегейі. Ал осы кейіп-керлер бізге не нәрсені үлгі етеді?

Біріншіден, Шұға – өз тағдырына қарсы шыға отырып, махаббаты үшін соңына дейін күресе білген өжет те қайсар қазақ қызы. Алайда, Бауыржан Момышұлы атамыз „Ер адамды бұзатын үш нәрсе: атақ, абырой, ақша. Төртіншісі „әйел" деп айтпаймын. Алдыңғы үшеуі бұзса бөркін, әйелдерді біз - еркектер бұзамыз", - деп айтқандай, Шұға да әкесінің бас кердеңдігі мен кө-кіректігінің құрбаны болды.

Екіншіден, Ұлпан – күйеуінің еліне оның орнына Есеней болған, еліне де, жарына да, басқаға да сөзін өткізе алған сұлу да ақылды, қайсар қыз. Ата-анасы үшін де, өз үшін де, небәрі 18 жасар бойжеткен шағында жасымен қатарлас Есенейге тұрмысқа шығуға келісім беріп, батыл да байсалды шешім қабылдай алған жан. Төле би атамыз айтқан „Ердің бақыты-әйел" – деген сөздің қадірін түсіне алған Есеней, көз тірісінде Ұлпанды алып, алақанына салды. Әйтсе де,



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Есеней қайтыс болып, оның дәурені өткен соң, Ұлпан да сорақы күйеу баласының қорлығына шыдай алмай жанын қиды.

Түйіндеп, Шұға тек махаббаттың құрбаны болса, Ұлпан – қоғамдағы әділетсіздік пен рухани ауыртпалықтың құрбаны. Олар бізге қандай қымбат болса да соңына дейін күрес білді, үні өшіп қалады.

Қорытындылай келе, "Шұғаның белгісі" мен "Ұлпан" екі адамның бойындағы күштілік пен қайсарлықты қатар суреттеген, терең мағыналы шығармалар. Бұл екі шығарма да бізге қыз баласының қаншалықты қайсар, өжет бола білетінін, олар табиғатынан нәзік екенін ұғындырады.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Эссе

„Ұлтқа қызмет ету - біліммен емес мінезден"

Ұлтқа қызмет ету деген халыққа өз пайдаңды тигізу, өзіңнің ұлтыңа көмектесу, қызмет ету. Ұлтқа қызмет ету бұл тек біліммен ғана емес мінезден туындайды. Көптеген ақындар, жазушылар, әншілер, жыр арнаушылар және тағы да басқа халықтың қамын ойлайтын жандар қиын кезеңде халыққа жігер беріп, алдына мақсат қойып отырған.

Ұлтқа қызмет ету мінезден тұрады. Мысалға Ерлерді алып қарайтын болсақ, олар өзінің Отанын қорғау үшін алдына мақсат қойып, жігерленіп мінезін көрсетіп соғысады. Ерлердегі адамдар ұлтқа қызмет көрсетіп жатыр, біліммен емес мінезбен.

Қорытындылай келсем ұлтқа қызмет ету біліммен емес мінезден тұрады. Алаш арыстарының өнегелі өмірі бізге тікелей мысал болып келе алады.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

„Ұлтқа қызмет ету – біліммен емес, мінезден".

Ұлтқа қызмет ету – әрбір азаматтың борышы. Бұл еркін тақырыпта Алаш арыстарының халыққа жан таласып тәуелсіздік пен бейбітшілік жолына ұмтылғандарын айтуға болады.

Біріншіден, Алаш арыстарын қазақтың мақтанышы, рухы батырлар ретінде айта аламын. Қазақтың қиын-қыстау күндерінде осы Алаш арыстары жандарын беруге дайын болды. Осы біздің қазақтың арыстары қазіргі ұрпаққа өнеге тұлғалар. Алаштың әрбір адамы жеке бір дара тұлға. Әрқайсысы рухты, мықты мінезді болған.

Екіншіден, „Алаш арыстарының өмірінде қандай қиындықтар болды?" деген сұрақ туындайды. Айтар болсам, бұл арыстардың өмірі мүлдем тәтті болған жоқ, яғни қуанышты күндері тым аз болды. Қиындықтарына келер болсам, Алаш арыстарының жартысы өмірлері темір торда өтті, шындықты айтып, халыққа тура жаза салғандары үшін ауыр түрде жазаланды. Бұл нәрсенің себебі қазақтың тәуелсіз ел болмауында еді. Өмірлерінде қаншама ауыртпалықты көрсе де, Алаш арыстары өз халқын сатпаған, керісінше, ұлтқа қызмет еткен. Сондай ер мінезді, шыншыл, батыл адамдар болған.

Үшіншіден, „Ұлтқа қызмет ету – біліммен емес, мінезден..." дегенді ашып айтар болсам, Алаш тұлғалары қанша жерден ақылды, білімді болса да, ер мінезсіз ұлтқа қызмет ете алмас еді. Неліктен олай? Себебі, Алаш қайраткерлері өмір сүрген уақытта халық, Алаш арыстарына қарсы болды, яғни оларға қолдау көрсеткен жоқ. Бірақ ер мінездерінің арқасында олар ұлтқа тура жолды көрсете алды, ұлтқа әділ қызмет ете алды.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қорытындылай келе, ұлтқа қызмет етуде мінез басым болу керек деп нақты айта аламын. Себебі тарихқа шау жасасам өткен уақыттарда әділеттілік жолына жету үшін мінездері мықты болған, өзіндік қалауларын жасау үшін, ұлтқа тыңғылықты көмек беру үшін өз дегендерінде тура білген. Осылайша әр азамат ер мінезді болу керек.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ